

Павлодар облысы әкімдігінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі "Жергілікті деңгейде мүгедектерді әлеуметтік қолдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы" N 110/3 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2006 жылғы 30 наурыздағы N 116/4 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 11 сәуірде N 3067 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 17 шілдедегі N 245/7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 17.07.2014 N 245/7 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Павлодар облысы әкімдігінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі "Жергілікті деңгейде мүгедектерді әлеуметтік қолдау жөніндегі кейбір мәселелер туралы" N 110/3 қаулысына (Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 8 сәуірде N 2985 болып тіркелген, "Сарыарқа самалы" газетінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 57 санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы қаулымен бекітілген Мүгедектерге санаторлық-курорттық емделу жөніндегі жеңілдіктер, әлеуметтік төлемдер беру тәртібі туралы Нұсқаулығында:

1-бөлім. "Жалпы қағидалар" жаңа редакцияда жазылсын:

"Нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" заңдары негізінде әзірленді;

4-тармағының 1)-тармақшасындағы "Мемлекеттік жәрдемақылар мен басқаның көмегін қажет ететін жалғыздікті мүгедектерді күтуге арналған қосымша үстемеақылар" деген сөздер "Қажет етуші мүгедектерге арналған әлеуметтік көмектің қосымша түрлері" деген сөздермен ауыстырылсын.

4-тармақтың 2)-тармақшасындағы "85000" және "42000" деген сандар "89675" және "44310" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеп және оқытатын отбасыларға жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі туралы
н ұ с қ а у л ы ғ ы н ы ң

3 бөлім "Жәрдемақы төлеу тәртібі" 3-бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Облыс аудандар, қалалар бюджеттеріне жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті жіберетін мақсатты ағымдағы трансферттер түріндегі "үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін аудандар бюджеттеріне (облыстық маңызы бар қалаларына) мақсатты ағымдағы трансферттер" бағдарламасы бойынша Павлодар облысының бюджетінің қаржысы және облыс қалалары мен аудандарының (жанадан тағайындалатын төлемдер бойынша) бюджет қаржысы алушыға материалдық көмекті қаржыландыру көзі болып табылады.

17. Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің қалалар мен аудандар бөлімдерімен есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-нен кешіктірмей жіберілетін өтінімдері бойынша олардың есептеріне тоқсан сайын қаражат аударып отырады.

18. Жәрдемақы төлеуді (өткен тоқсан үшін) қалалар мен аудандардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері тоқсан сайын 6-айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізеді.

19. Алушылар жалған мәліметті ұсынғанның салдарынан артық төленген сомалар кінәлі адамнан Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте қайтарылып алынады".

4-бөлім. "Қортынды қағидалар" жаңа редакцияда жазылсын:

"20. Ұсынған мәліметтердің дұрыстығы үшін жауапкершілік қалалық пен аудандық әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне жүктеледі.

21. Облыс қалалары мен аудандарының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері әр айдың 3-не қарай облыс жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін бөлінген қаржыны пайдалану туралы есеп береді.

22. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті ай сайын әр айдың 5-не қарай облыстық бюджеттен қаржыландыру бойынша төленген сомалар жөнінде Павлодар облысының қаржы департаментіне есеп береді".

Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов

